

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**ХАСАНОВА И.У.  
РАХМЕТОВА А.Ж.**

**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР  
(бастауыш сыныптар үшін)**

Орал, 2021

УДК 811.512.122  
ББК 81.2 Каз  
Х 24

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Авторлар:**

**Хасанова И.У.**, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Рахметова А.Ж.**, педагогика ғылымының магистрі, педагог-зерттеуші

**Пікір жазғандар:**

**Хасанов Ғ.Қ.**, филология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры

**Сабыр М.Б.**, филология ғылымдарының докторы, БҚИТУ профессоры

**Кинжекова Р.С.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, БҚИТУ доценті

**Хасанова И.У., Рахметова А.Ж.**

**Қазақ тіліне арналған тапсырмалар** (бастауыш сыныптар үшін): Оқу-әдістемелік құрал / И.У.Хасанова, А.Ж.Рахметова. – Орал: РБО М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 2021. - 55б.

Бұл оқу-әдістемелік құрал бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша білімін тереңдетіп, коммуникативтік дағдыларын жетілдіріп, функциональдық сауаттылығын дамытуға бағытталады. Қазақ тіліне арналған тапсырмалар бастауыш сынып мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады.

© Хасанова И.У., Рахметова А.Ж., 2021

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат игілігі үшін жан-жақты қызмет атқаратын тілді әрі таза, әрі көркем, әрі өткір, әрі әдеби дәрежеде және халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, екшеленген, белгілі бір нормада сауатты қолдана білу – үлкен мәдениеттіліктің белгісі. Мәдениетті адамның бір қыры – тіл мәдениетінің жоғары болуы. Адамның сөйлеу шеберлігі, жазу сауаттылығы – ұлттық мәдениеттің де көрсеткіші.

Д.Э. Розенталь сөзімен берсек, «Мәдениетті сөз – ұлттық дәстүрмен, мағына дәлдігімен, сөздік қорының кеңдігімен, грамматикалық сауаттылықпен, әдеби мәнерлілігімен ерекшелене алатын сөз».

Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Демек, сөйлеу мәдениеті дамымайынша, жоғары ақыл мәдениетіне жету мүмкін емес, сондықтан тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін жүргізілетін жұмысты мектептің бастауыш сатысынан бастап-ақ, қазақ тілі пәнін оқытуда қолға алған жөн. Мұнда бастауыш сынып мұғалімінің атқарар жүгі ауыр, әрі зор.

Тұңғыш елбасы Н.Назарбаев: «Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады» деп айтқанындай, ана тілі арқылы балалар тіліндегі дүниенің тілдік бейнесін ұлттық тағылым мен тәрбиеге, ұлттық ойлауға сай қалыптастыруынан саналы ұрпақ тәрбиелеу жүзеге асады.

Оқу-әдістемелік құралда қазақ тіліне арналған тапсырмалар жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес жасалды. Бұл оқу-әдістемелік құралдың мақсаты – түрлі деңгейдегі тапсырмалар үлгілері арқылы бастауыш сынып оқушыларының ана тілін жетік, терең меңгеруіне, ұлттық танымдық көкжиегін кеңейтіп, интеллектуалдық деңгейін көтеруге көмектесу. Танымдық тапсырмалар жеңілден-күрделіге қарай бағытталған. Оқушылар қоршаған ортаның қыр-сырын түсінеді. Жоғары сыныпта бастауышта алған білімін дәлелдей алады.

Тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылар теориялық білімдерін тәжірибеде тез әрі дәл қолдана алу, дағдыларына ие болады:

Біріншіден, тапсырмалар оқушының білімін нақтылайды, әрі нығайтады.

Екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, коммуникативтік дағдыларын дамытады.

Үшіншіден, ұлттық менталды ойлауын, ұлттық танымын кеңейтеді.

Төртіншіден, сыни ойлауға жетелеп, шығармашылыққа баулиды.

## Менің ана тілім – қазақ тілі

Бар жақсылықтың басы – тіл. *(Махмұд Қашқари)*

Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. *(Жүсіп Баласағұни)*

Қазақ тілі, зерттеушілеріміздің барлығы да бір ауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды. *(П.И.Мелиоранский)*

Қазақтардың тілі – түпкі түрін – түркі сипатын сақтап қалған тіл.

Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. *(В.В.Радлов)*

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл. *(А.Құнанбаев)*

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бишарасы. *(А.Құнанбаев)*

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. *(А.Байтұрсынов)*

Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, сары далада үдіре көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұрады. *(М.Жұмабаев)*

«Тіл дегеніміз» – қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры. *(Б.Момышұлы)*

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті. *(Ғ.Мұстафин)*

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте! *(Қадыр Мырза Әли)*

Өзге тілде сайрау қауіпті емес,

Өзге тілде ойлау қауіпті. *(Қадыр Мырза Әли)*

Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады. *(Н.Назарбаев)*

Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! *(Н.Назарбаев)*

## Дыбыстар әлемі

**1-тапсырма.** Төмендегі сөздерде у дыбысының дауыссыз болатынын жазып талдаңыз.

Қуыршақ, қауын, уыз, сурет, әуілдек, керуен, уақыт, сусын, ауа.

**2-тапсырма.** У дыбысының жазылуы мен айтылуына талдау жасаңыз.

Су, сурет, суу, жуық, уақыт, қуырдақ, ояну, уайым, уық, улы.

**3-тапсырма.** Дыбыс пен әріп саны бірдей емес сөздер ойлап жазыңыз.

**4-тапсырма.** Дауысты дыбыстарды ●, дауыссыз дыбыстарды ● белгіле.

Керік, батпырауық, жейде, торсық, ірімшік, көкөніс, әткеншек, түлкі, ұлу, суретші, жазғытұры, киім.

**5-тапсырма.** Берілген сөздерді оқып жазыңыз.

бҒаҒлҒмҒұҒзҒдҒаҒк  
ҒғҒаҒрҒыҒшҒкҒеҒр  
ҒмҒеҒкҒтҒеҒпҒ

**6-тапсырма.** Жоғалған әріптерді табыңыз.

Мен \_ң\_ \_н\_м\_ бар. Аты – А\_д\_н\_. Ол к\_шкентай. \_н\_м\_ с\_рет\_ алады. Мен \_н\_ме\_ к\_тап\_ о\_имын. Мен інімді жа\_с\_ к\_рем\_н\_.

**7-тапсырма.** Берілген әріптермен бірнеше сөз жасаңыз.

**Б А Л М Ұ З Д А Қ      К Ү Н Т І З Б Е**

**8-тапсырма.** Суретке қарап, керек буынды қосыңыз.



**Көй- шал- е- қол- шұ-**

**9-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жазыңыз.

Сер... ен, қара... ым, жа...а, саб...н, ...йрек, жа...лау, сылдырма...

**10-тапсырма.** Тиісті әріпті қойып, сөйлемді аяқтаңыз. Тыныс белгісін қойыңыз.

Кеш бол...ы бөл...е іші қара...ғы терезе...ен ай сәул...сі түс...і

**11-тапсырма.** Азық-түлік атауларын жазып, төл дыбыстардың астын сызыңыз.



**12-тапсырма.** Дыбыстарды тіркестіріп сөз жасаңыз.

1. Р, О, Б (бор)
2. П, А, Т, І, К (кітап)
3. М, А, Л, А, Қ (қалам)
4. Р, Е, Т, П, Ә, Д (дәптер)
5. Ш, Ы, Ғ, З, Ы, С (сызғыш)
6. Ш, І, Г, Р, І, Ш, Ө (өшіргіш)

**13-тапсырма.** Адасқан әріптерді орнына қойыңыз.

З, А, С, Қ, А, Қ, Т, Н, А –  
К, Е, М, П, Т, Е –  
А, Р, М, Ұ, Й, А, Ж –  
І, Т, Л –

Б, Т, Й, Ә, Р, Е, К, Е –  
Ғ, А, І, М, Ұ, М, І, Л –  
Н, Ұ, Ә, Р, Н, А –  
Ө, З, К –

**14-тапсырма.** Дыбыс саны мен әрні бірдей емес сөздерді теріп жазыңыз.

Тұяқ, лақ, туысқан, сыйлық, атамекен, киім, шаңырақ, жиын, лашын, отбасы.

**15-тапсырма.** Тиісті әріптерді қойып, жалғау түрін айырыңыз.

Адамны..., ананы..., қошақаны..., алақанны..., ауылды..., сананы..., жаманны..., түнні..., қолымны..., сезімі..., атаны..., баламны..., оқушымсы..., перзентімні..., балапаны..., арманымны...

**16-тапсырма.** Көп нүктенің орнына **h, в, ф, х, ц, ч, щ** әріптерінің тиістісін қойып көшіріңіз.

...ор, ...иклон, Гау...ар, ... адиша, жи...аз, ...оккей, қа....арман, пла..., ...емпион, бор..., ...ётка, кон...ерт, стан....ия, ...ифр, ...абар.

**17-тапсырма.** «Қ» әрні бойынша бес жауап жазыңыз.

1. Жабайы құс -
2. Қыз баланың аты -
3. Үй құсы -
4. Ұл баланың аты -
5. Санның атауы -

**18-тапсырма.** Бір әріпке 10 жауап жазыңыз.

К  
К  
К  
К  
К  
К  
К  
К  
К  
К

**19-тапсырма.** *Туісті әріпті қойып, отбасын толықтырыңыз.*

О...басы: ...та, ...же, ...к..., ...е...е, а...а, ...па, ...ні, с...ңл..., ш...бе...е.

**20-тапсырма.** *Әріптер сөйлейді.*

Ә.....  
Ғ.....  
Қ.....  
Ү.....  
Ұ.....  
І.....  
Ө.....

**21-тапсырма.** *Төмендегі сөздердің дауысты дыбыстарын өзгертіп, тобын көбейтіңіз. Сөз мағынасын өзгертіп тұрған дыбысты табыңыз. Үлгі: Ас – өс – іс – ыс – ес*

От, ер, ін, таң, бой, өз, сол, ел, қыс, ат.

**22-тапсырма.** *Төмендегі сөздердің дауыссыз дыбыстарын өзгертіп, тобын көбейтіңіз. Сөз мағынасын өзгертіп тұрған дыбысты табыңыз. Үлгі: Ас – ат – ақ – ар*

От, ер, ін, өз, ұл, ат, үн.

**23-тапсырма.** *Жұмбақ әріпті табыңыз.*

Әнде бар,  
Ырғақта жоқ.  
Сәнде бар,  
Сымбатта жоқ. (Ә)

Сабада бар,  
Месте жоқ.  
Табада бар,  
Пеште жоқ. (Б)



Қоғада бар,  
Қоқымда жоқ.  
Тағада бар,  
Тоқымда жоқ. (Ғ)

Пернеде бар,  
Термеде жоқ.  
Пердеде бар,  
Кермеде жоқ. (П)

Гауһарда бар,  
Гүлнәрда жоқ.  
Жауһарда бар,  
Сәуледе жоқ.

Дыбысы жоқ болса да,  
Алфавитте орны бар.  
Оқылмайтын жазса да,  
Қай белгі ол табыңдар?

#### **24-тапсырма. Қандай сөз?**

Егер «Б»-дан бастасаң,  
Мүшесімін адамның.  
«Б»-ны алып тастасаң,  
Неше түрлі тағаммын. (Бас – ас)

Егер «Б»-дан бастасаң,  
Мен басыңда тұрамын.  
«Б»-ны алып тастасаң,  
Жеміс болып шығамын. (Бөрік – өрік )

#### **25-тапсырма. Сөз ішіндегі сөз.**

«С»-дан бастап оқысаң,  
Сәтті күнмін сәрсенбі.  
«Ә»-ден бастап оқысаң,  
Демалыспын – әр сенбі.  
Тілек тілеп сәрсенбі,  
Демал, ойна әр сенбі. (Сәрсенбі)

«Д» әрпінен бастасаң,  
Заңғар ойлы данамын.  
«А» әрпінен бастасаң,  
Ұрпақ сыйлар анамын.  
Ақылын тыңдап дананың,  
Даңқын асыр ананың! (Дана)

*26-тапсырма. Сөздердің жазылуы мен айтылуын салыстырып, түсіңдіріңіз.*

Бүгін – бүгүн, түсті – түстү, өзінің – өзүнүн

*27-тапсырма. Үш буынды сөздерді буынға бөліп жазыңыз.*

Кітап – сенің досың. Кітапты күтіп ұста. Бетін бүктеме. Кітап – білім бұлағы. Кітапты көп оқу керек. Көп оқыған көп біледі.

*28-тапсырма. Отбасы мүшелерін атаңыз. Екі буынды сөздерді буынға бөліңіз.*



**29-тапсырма.** Бір сөздің соңғы буыны және келесі сөздің алғашқы буыны болып келетін сөздер ойлап жазыңыз.

Үлгі: пар (та) мақ

**30-тапсырма.** Сөздерде неше әріп, неше дыбыс барын анықтап, буынға бөліп жазыңыз.

Ою, түйю, қою, баю, қию, мая, баяу, шаян, тұяқ, таяқ.

**31-тапсырма.** Көп нүктенің орнына **ю** әрпін немесе **йу** әріптерінің тиістісін қойып, жазыңыз.

Ү...лі, ха...ан, а..., ке...ана, қи...

**32-тапсырма.** Кестедегі сөздердің дыбыс саны мен әріп санын жазыңыз.

Сөздер	Дыбыс саны	Әріп саны
Аю		
Ою		
Ата		
Жиһаз		
Аяз		
Таяз		
Ауа		
Тау		
Қария		

**33-тапсырма.** Кестедегі жуан буынды және жіңішке буынды сөздерді ажыратыңыз.

Сөздер	Жуан буынды	Жіңішке буынды
Ана		
Қала		
Ілгіш		
Өрік		

Ою		
Жәшік		
Ұлу		
Көрпе		
Қоңырау		

**34-тапсырма.** Қала аттарын әліпби бойынша көшіріп жазыңыз.

Қостанай, Көкшетау, Арқалық, Қызылорда, Жамбыл, Павлодар, Шымкент, Өскемен, Теміртау, Орал.

**35-тапсырма.** Ауыл аттарын әліпби бойынша ретімен жазыңыз.

Сырым, Қаратөбе, Жанғала, Ақжайық, Бөкейорда, Тасқала, Казталовка, Шаған, Ақсай, Шыңғырлау, Тайпақ.


**36-тапсырма.** Берілген сөздерді әліпби ретімен жазыңыз.

- А) Семей, Астана, Қарағанды, Өскемен, Түркістан.
- Ә) Әсем, Сырым, Райгүл, Айбек, Мөлдір.
- Б) Қалам, дәптер, өшіргіш, сызғыш, желім.
- В) Ертiс, Жайық, Сырдария, Тобыл, Каспий.
- Г) Ара, күрек, балта, шеге, орақ, егеу, сүргі
- Д) шегіртке, ара, қоңыз, маса, шыбын, инелік

**37-тапсырма.** Графикалық диктант.



**38-тапсырма. Графикалық диктант.**



**39-тапсырма. Мәтінді оқып, асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыз.**

Тіл – мемлекеттік нышан ретінде танылатын басты құндылық. Қазақ халқы өз тілін ардақтап, кие тұтқан. Ананың әлдиімен ұрпақ бойына таралып, ананың бал сүтімен сүйегіне сіңетін тілді ана тіл деп аялаған. Атаның ақылы мен даналығына суарылған сөз аталы сөз боп есептелген. (Қазақ тілі оқулығынан)

**40-тапсырма. Өлеңді жатқа айтып, асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыз.**

Ана тілің біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің біліп қой,  
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте! (Қ. Мырзалиев)

## Сөз ғажабы

**1-тапсырма.** Бірнеше мағынасы бар сөздердің астын сызып, олардың мағынасын анықтаңыз.

Бауырсақ, ара, қоңыз, қой, сусын, қара, мектеп, қабырға, алма, көрші.

**2-тапсырма.** Тура оқығанда да кері оқығанда да бір мағына беретін сөздерді тауып жазыңыз.

Үлгі: қырық, қызық, қысық ...

**3-тапсырма.** Оңнан солға қарай оқысың да, солдан оңға қарай оқысаң да сол сөз шығатын сөздерді жазыңыз.

Үлгі: қазақ, нан, көк, ата, қақ, ...

**4-тапсырма.** Қарамен жазылған сөзді мәндес сөзбен алмастырыңыз.

Дастанға сол бөлмеге **бас сұғудың** өзі қиын болды.

**-тапсырма.** Қарамен жазылған сөздің орнына мәндес сөзді тауып жазыңыз.

Қаныш бұл хабарды **шапшаң** жеткізді.

**5-тапсырма.** Мәндес сөздерді табыңыз.

Жарық – қараңғы      даңқ – атақ      семіз – арық      дүние – мүлік

**6-тапсырма.** Төмендегі сөздердің мәндес сөздермен қатарын толтырыңыз.

Үлгі: Сұлу – әдемі – әсем – көрікті – нұрлы –

Құрметті, ертеден, қолғабыс, мықты, зәулім.

**7-тапсырма.** Берілген сөздерді ауыспалы мағынада қолданып, сөз тіркесін құрап жазыңыз.

Маужыраған, өткір, тәтті, алтын, суық.

**8-тапсырма.** Бірінші бағандағы сөздердің екінші бағаннан антонимдік жұптарын табыңыз.

Дос	Жомарт
Ақылды	Әлсіз
Өнерлі	Қатыгез
Сабырлы	Салмақты

**9-тапсырма.** Мақалдарды антонимдермен толықтырыңыз.

Ашу – ....., ақыл – .....  
... сөз алтын, ... сөз көмір.

**10-тапсырма.** Мақалды дұрыстап жазу үшін қарамен жазылған сөз орнына антонимдерін қойып, мақалды қайта жазыңыз.

Аз қорқытады, таяз батырады.

**11-тапсырма.** Тұрақты сөз тіркестерінің қандай мәнде айтылғанын түсіндіріп жазыңыз.

Төбе шашы тік тұрды. -----  
Қас пен көздің арасы. -----  
Жым болды. -----  
Ала жібін аттамау. -----

**12-тапсырма.** Фразеологиялық сөздікті пайдаланып, төмендегі сөздердің баламасын жазыңыз.

Көз ілмеді, зеку, ат-тонын ала қашты, мұрнын көкке көтерді, сағы сынды.

**13-тапсырма.** *Мақал-мәтелдерді аяқтаңыз.*

1. Өмір – үлкен ... .
2. ... – алтын қазына.
3. Ұстаздан ... озар.
4. Күш – білімде, білім - ... .
5. ... – ғалым, тілсіз ... .

**14-тапсырма.** *Мақалдардың жалғасын табыңыз.*

Мақал – сөз ...  
Басқа пәле ...  
Түсі игіден ...  
Ер жігіттің екі сөйлегені – ...  
Әлін білмеген ...  
Ырыс алды – ...  
Мақал ... сәнін келтіреді.

**15-тапсырма.** *Жұмбақтардың шешуін табыңыз.*

1. Өзінше ноян,  
Қорқақ кім...
2. Алмастан тыным,  
Шабады ...
3. Бата алмас түлкі,  
Үсті тікен ...
4. Айбат шегер алыстан,  
Аң патшасы ...

**16-тапсырма.** *Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.*

### **Қара шаңырақ**

Қазақ отбасында **кенже бала** (ұл) – шаңырақ иесі. Кенже бала – жанұядағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже бала әке-шешесімен тұрады. Кенже бала – **қара шаңырақ** иесі. Қара шаңырақ – үлкен үй, әкешесі үйі. Қара шаңыраққа осы жанұяның барлық балалары,



туыстары келіп тұрады. Әке-шеше қара шаңырақты кенже ұлына береді.

*17-тапсырма. Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздерге сипаттама беріңіз.*

### **Қазақтың отбасы**

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. **Әке – шаңырақ иесі.** Жанұя мүшелері әкені тыңдайды. Жанұяда ананың да орны ерекше. Әке де, балалары да **ананы сыйлайды.** Қазақ отбасында қыздың да орны ерекше. **Қызды төрге отырғызып, құрметтейді.** Қазақ отбасында **балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын айтып отырады.**

*18-тапсырма. Мәтінді оқып, үлкен адамдардың (әжең, әкең, анаң, т.б.) «айналайын» деген сөзді айтуының мәнісін түсіндіріңіз.*

### **Айналайын**

«Айналайын» деген сөзде аналық мейірімнің кіршіксіз таза сыры бар. Ол жанына балаған баласын ғана сүйсінерлік қылығы үшін, қызықты тілі үшін, талпынған талабы үшін ғана «айналайын» дейді. Сол баланың сотқарлығын көргенде, қатал сөздермен тыйым салады.

*19-тапсырма. Мәтінді оқып, мақалда берілген ойды түсіндіріп беріңіз.*

Әке – асқар тау.

Ана – сарқылмас бұлақ.

Бала – жағасындағы құрақ.

*20-тапсырма. Өз үй-ішіңіз туралы жазыңыз.*

## Тізбекті ел

**1-тапсырма.** Төмендегі сөздердің түбірін тауып, жұрнақ арқылы қандай сөздер жасалғанын анықтаңыз.

Өндіріс, өнім, өну, өндірді.

**2-тапсырма.** Схемаға сәйкес сөз ойлап жазыңыз.

Түбір    Түбір + жұрнақ    Түбір + жалғау    Түбір + жұрнақ + жалғау

**3-тапсырма.** Ережені толықтырып жауап беріңіз. Мысалмен дәлелдеңіз.

Түбір сөзге жұрнақ қосу арқылы жасалған сөзді ----- дейміз.  
Сөздердің одан әрі бөлінбейтін бөлшегін ----- дейміз.  
Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша ----- аталады.

**4-тапсырма.** Берілген сөздерге жұрнақ жалғап, туынды сөз жасаңыз.

Баспа, бәсеке, бөл, ғарыш, куә, қалам, біл.

**5-тапсырма.** Суретті сөздерге тиісті жалғауларды жалғап жазыңыз.

а) -ның, -нің



... көзі қара.



... киімі әдемі.

ә) -дың, -дің



... қолы жақсы.



... тамағы дәмді.

б) -тың, -тің



... терезесін аш.



... іші таза.

**6-тапсырма.** *Өлеңді тиісті жалғауын қойып аяқтап жазыңыз.*

Біз әдепті бала...  
Айтқан тілді ала...  
Нанға кетсе ана...  
Үйде өзі... қала...

**7-тапсырма.** *Көп нүктенің орнына керекті жалғауларды қойып жазыңдар.*

Оның ат... – Сәуле. Сәуле он бір жас... . Ол Орал қаласында тұра... . Сәуле биыл төртінші сыныпта оқи... . Оның ермегі... – сурет салу. Сәуле... достар... көп. Ол бос уақыт...да сурет сала..., достар...мен кездесе... .

**8-тапсырма.** *Сөздерге жалғанатын тиісті жалғауларды белгілеңіз.*

Жіктік жалғауы	-мын	-ді	-сың	-мін	-сің	-іңіздер
әкел-е						
аш-а						
ойна-й						
жүгір-е						
отыр-а						

**9-тапсырма.** *Сөздерге жалғанатын тиісті жалғауларды белгілеңіз.*

Жалғаулар	-ны	-ді	-м	-пен	-лер	-мын
әке						
қала						
көре						
оқушы						
кітап						
суретші						

*10-тапсырма. Күрделі сөздерді түріне қарай ажыратыңыз.*

Сөздер	Біріккен	Қос	Қысқарған	Тіркесті
Көзбе-көз				
Балмұздақ				
Ақ сақалды				
Қолғап				
Құрал-сайман				
Жүз елу сегіз				
ҚР				
Бүгін				

*11-тапсырма. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді құрамына қарай талдаңыз.*

**Ертеде ата-бабаларымыз** амандасқанда: «**Мал-жан** аман ба?» - деп сұрайтын. Осы бір ауыз **сөздің** өзінен **қазақ өмірінде** малдың орны ерекше екенін ұғынуға **болады**. **Малдың күші, сүті, еті, терісі халық өмірінің**, тіршілік-тынысының негізі **болды**.

*12-тапсырма. Ұлағатты сөздерді оқып, қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіңдіріңіз.*

Басқа ұлттың баласына **бауырмал бол**. Ол – сенің досың, әрі көршің, қонағың. Қиналғанда **қол ұшын бер**. Бірақ өзің сұраншақ болма. Көп ұлтты әлеумет ортасында **өмір сүре біл**.

### **Тізбекті ел «Кім?»**


**1-тапсырма.** Зат есімдерге көптік жалғауын жалғап жазыңыз.

Мектеп, бала, кеме, кітап, гүл, қыз.


**2-тапсырма.** Зат есімдерді тәуелдеңіз.

Сағат, дәптер, қала.

**3-тапсырма.** Сурет бойынша сөз құрап, оларды сөз табына ажыратыңыз.

а) на дос ша  маң қын дын

ә) Ай Нұр Сая  нұр жан нар

б) та на  ға па

**4-тапсырма.** Зат есімдерге тиісті септік жалғауларын жалғаңыз

Септік жалғау		нің	ға	ті	де	тан	мен
Байлық							
Дана							
Кітап							
Көше							
Мұғалім							
Ауыл							
Күрек							

**5-тапсырма.** Әр топқа жататын зат есімдерді жазыңыз.

1. Көлік түрлері:
2. Туыстық қатынасты білдіретін сөздер:
3. Табиғат құбылысын білдіретін сөздер:
4. Адамның дене мүшелері:

**6-тапсырма.** Мына сөздерді бір сөзбен қалай айтамыз?

1. Күнделік, қаламсап, өшіргіш, дәптер, қарындаш –

2. Ата, ана, әке, апа, қарындас, іні, әпке, жеңге, жезде –
3. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, аспаз, әнші, биші –
4. Алма, алмұрт, шие, қарақат, жүзім, бұлдірген –
5. Нан, қант, айран, сүт, ет, шұжық, балық, ірімшік –

**7-тапсырма.** Төмендегі сөздерді сәйкестендіріңіз.

1. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, жұлдызша – құрал-жабдықтар
2. Жүзу, жүгіру, шаңғы тебу, футбол – пішіндер
3. Көгілдір, сары, сұр, ақ, қара, қызғылт – ағаштар
4. Емен, жөке, қайың, қарағай, шырша – түстер
5. Күрек, егеу, тырма, бұрғы, шеге, сүргі – спорт түрлері

**8-тапсырма.** Төрт түліктің төлдерін табыңыз.



**9-тапсырма.** Зат есімдерді мағынасына қарай сәйкестіріңіз.

- |               |           |
|---------------|-----------|
| Мұражай       | әртіс     |
| Театр         | мұхитарал |
| Думан         | ағаш      |
| Цирк          | аңдар     |
| Саябақ        | пейзаж    |
| Сурет көрмесі | экспонат  |

**10-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыз.

Әке – асқар .... -- өседі

Әкеге қарап ұл ...., шешеге қарап қыз .... -- басталады  
 Отан отбасынан .... -- тау

**11-тапсырма.** Әр қатардан тақырыпқа сәйкес келмейтін сөздерді табыңыз.


1. Ата, әже, немере, аға, сіңлі, мұғалім, ата-ана.
2. Айналайын, құлыным, жаман, жұлдызым.
3. Құттықтау, шашу, шілдехана, оқу, қуаныш.
4. Алтыбақан, асық ату, тұсаукесер, тоғызқұмалақ.

**12-тапсырма.** Не артық?

а)



ә)



б)



**13-тапсырма.** «Дұрыс па? Бұрыс па?»

	Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
	Бір жылда 4 жыл мезгілі бар.		
	Көктемде күн ыстық болады.		
	Наурыз – көктемнің алғашқы айы.		

	Көктемде құстар жылы жаққа ұшып кетеді.		
	Көктемде қар жауады.		
	9-мамыр Жеңіс күні.		

**14-тапсырма.** Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?

Мынау – қалпақ,  
Мынау – қармақ,  
Мынау – қаңбақ,  
Мынау – қаймақ.  
Аттары ғой бұл әлі,  
Ал осылар туралы  
Былай десем дұрыс па,  
Әлде мұным бұрыс па?  
Көлге салам қалпақты,  
Басқа кием қармақты,  
Күнде жеймін қаңбақты,  
Жонда қуам қаймақты.  
Бұрыс болса, ұрыспа,  
Әлде былай дұрыс па?  
Жонда қуам қалпақты,  
Күнде жеймін қармақты,  
Басқа кием қаңбақты,  
Көлге салам қаймақты.  
Бұрыс болса, ұрыспа,  
Әлде былай дұрыс па?  
Күнде жеймін қалпақты,  
Жонда қуам қармақты.  
Көлге салам қаңбақты,  
Басқа кием қаймақты.  
Бұным-дағы бұрыс па,  
Әлде былай дұрыс па?  
Басқа кием қалпақты,  
Көлге салам қармақты,  
Жонда қуам қаңбақты,  
Күнде жеймін қаймақты.

**15-тапсырма.** Шарадалар.

Бас буынмын – батырмын,  
Зат есіммен келесі  
Талай асқа батырдың.  
Біріктіріп екеуін,



Елімде ағып жатырмын. (Ер-тіс)

Бастайтыным – сан  
Неше?  
Қостайтыным – бір мүшең.  
Енді келер жалғасын  
Асқа күнде саласың.  
Бәрін қоссаң,  
Табасың  
Қазақстан қаласын. (Екі-бас-тұз)

Бір бөлігі – сын есім,  
Екіншісі – топырақ.  
Біріккенде,  
Білесің  
Атын үлкен атырап. (Қызыл-құм)  
Басың тәтті дер едім,  
Бұйрық райда – ал соңы  
Тұтас –  
Атын береді  
Таныс көлдің,  
Тап соны. (Бал-қаш)

**16-тапсырма.** Анаграммалар.

Жылқышының қолында –  
«Ұ» әрпімен,  
Ондық саны тобында-  
«І» әрпімен. (Құрық-қырық)

«С»-мен айтсаң,  
Тағам ішем онымен.  
«З»-мен айтсаң,  
Қағам жерге оны мен. (Қасық-қазық)

«Ж»-дан бастасаң,  
Жыл мезгілі болады.  
«Қ»-дан бастасаң,  
Құсқа айнала алады. (Жаз-қаз)

«Қ»-мен егер бітірсең,  
Ыдыс-аяқ ол бірі.  
«Н»-мен егер бітірсең,  
Балықтың ол бір түрі. (Табак-табан)

**17-тапсырма.** Бұл қай мезгіл?

Ауыл алды ақша қар,  
Ақша қарда топ бала.  
Соғып жатыр аққала,  
Жалқауы жоқ жұмысқа.

Тапталады табанға,  
Судыр – судыр жапырақ.  
Өрттей сары бояуға,  
Малынғандай атырап.  
Көктен тартып күн нұрын,  
Жерден тартып жылылық.  
Әнін тыңдап бұлбұлдың  
Бәйшешектер тұр күліп.

Күн жайдары алақай,  
Жатыр жайнап даламыз.  
Жүр, қанеки, балақай,  
Шомылуға барамыз.

**18-тапсырма.** Сәйкестендіру тесті

- |                     |                           |
|---------------------|---------------------------|
| 1. Кім?             | 1. Сәкен, Ертіс, Байшұбар |
| 2. Кімдер?          | 2. домбыра, гүл           |
| 3. Не?              | 3. оқушы, ана             |
| 4. Нелер?           | 4. әндер, құстар          |
| 5. Жалқы есім түрі  | 5. оқушылар, аналар       |
| 6. Жалпы есім түрі: | 6. қобыз, ән, құс         |

**19-тапсырма.** «Кресиктер мен ноликтер» ойыны *Кім?-О Не?-Х*

Аспаз		Сатушы		Бала		Сиыр		Айран	
Сүт		Құрт		Ыдыс		Жылқы		Қымыз	
Нан		Айран		Қасық		Малшы		Сауыншы	


**20-тапсырма.** Кім не сыйлады?

		Қуыршақ	қоян	қонжық	мысық	гүл	
Мадина	досына	*					сыйлады
Айжан							
Мадияр							
Санжар							

**21-тапсырма.** Сөздерді құрастырып, әр қатардағы артық сөзді табыңыз.

1. ҚМЛАА, ОРБ, ҚҚЗААНЫ, ААТҚТ.
2. ҒЫУБ, ММЙАЫЛ, АҚПТ, НЫРТААС.
3. ЛАМЫШ, СҰТА, ЙЫШОҚЫН, ҰЛАМҒІМ.

**22-тапсырма.** Бірнеше зат есім жазыңыз.



**Тізбекті ел «Қандай?»**

**1-тапсырма.** Зат есімді тиісті сын есіммен байланыстырыңыз.

Сын есім	оқушы	дос	әңгіме	жер	еңбек	кеш	бөлме
Үздік	*						
Қызықты							
Адал							
Дымқыл							

**2-тапсырма.** Заттың сынын білдіретін сөздерді қойып жазыңыз.

... гүл, ..... адам, ... оқушы, ..... дәптер, ..... жол, ..... қыс.

**3-тапсырма.** Сын есімдердің антонимін табыңыз.

Ақылды – ..... Ақ – ..... Тәтті – ..... Жұмсақ – .....

**4-тапсырма.** Үлгіге қарап, бірнеше мысал келтіріңіз.

Мысық қандай? (ақ, аңқау, ала, әдемі, арық, ...)

Жұмсақ не? (нан, алақан, ойыншық, ...)

**5-тапсырма.** Үлгіге қарап, сын есімдерді түрлендіріңіз. Үлгі: *Мықты – мықтырақ.*  
*Көк – көкшіл.*

Жақсы, қызыл, терең, әдемі, қымбат.

**6-тапсырма.** Төмендегі сөздерді біріктіріп, сөйлем құраңыз.

<u>Ақ</u>	дүние	қалдырмайды.
Білімдіге	ұятқа	<u>ашылды.</u>
Ұқыпты	<u>сандығым</u>	жарық.

**7-тапсырма.** Мақалдан сын есімдерді тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Адам болатын бала алысқа қарайды.
2. Өнерлі бала сүйкімді.
3. Есер баладан ерке бала жаман.

**8-тапсырма.** Белгілері бар, ал заттың өзі кайда?

1. Кішкентай, тар....
2. Сұр, сұсты...
3. Жаңбырлы, бұлтты...
4. Құрғақ, хош иісті.....

**9-тапсырма.** Заттарды сипаттап, жұмбақ құрастырыңыз. *Үлгі: қышқыл, сары жеміс.*  
(Лимон)

### Тізбекті ел «Қанша?»


**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сан есімді қойсаңыз, мақалды толық оқисыз.

1. Білімді..... жығады, білекті..... жығады.
2. ....ауыз сөздің тобықтай түйіні.
3. .... өлшеп, ..... рет піш.

**2-тапсырма.** Сәйкестендіру тесті

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| 1. Қанша? Неше?      | 1. жиырма сегіз      |
| 2. Нешінші?          | 2. екеу, жетеу.      |
| 3. Нешеу?            | 3. жеті, он бір.     |
| 4. Дара сан есім:    | 4. он, алты.         |
| 5. Күрделі сан есім: | 5. бесінші, алтыншы. |
| 6. Есептік:          | 6. бірінші, оныншы   |
| 7. Реттік:           | 7. бір, екі, үш      |

**3-тапсырма.** Сандардың көршілерін атап, жазыңыз.



**4-тапсырма.** Қандай санның атының жазылуында қанша әріп болса, сонша цифр бар?

**5-тапсырма.** Қандай сан есімдердің арасына сызықша қойылады? Мысал келтіріңіз.

**6-тапсырма.** Төменде берілген сандарды қосып оқып, қандай сөз жазылғанын табыңыз.

1лік, же1, ....

2лік, к2лік, ....

к3, 3тік, к3ік, 3бұрыш, ....

5ік, .....

6н, .....

7қарақшы,

т10, қ10ақ, 10лайн, .....

100ді, ...


**7-тапсырма.** Үш жұрт, үш арсыз, төрт маусым, бес ақыл, бес дұшпан, жеті күн, жеті ата туралы туралы ізденіп, дәптерге жазыңыз.

### Тізбекті ел «»Не істеді?

**1-тапсырма.** Не істейді? Қайтті? сұрақтарына жауап беретін сөздерді табыңыз.

Көктем шықты. Дала қырмызы жасыл кілем жамылды. Арық бойларын мөлдір су қуалап, күн көзімен жалтылдап ойнай бастады. Жас шыбықтар бүршік жарып, жапырақ жайды. Жер гүлденіп, дала түрленді.

**2-тапсырма.** Адам не істейді?



**3-тапсырма.** Мақал-мәтелдің жалғасын табыңыз.

- |               |     |            |     |
|---------------|-----|------------|-----|
| 1. Ұяда       | ... | Ұшқанда    | ... |
| 2. Көп        | ... | Терең      | ... |
| 3. Ата көрген | ... | Ана көрген | ... |
| 4. Істі       | ... | Икемді     | ... |
| 5. Туған жер  | ... | Туған ел   | ... |
| 6. Жақсы бала | ... | Жаман бала | ... |

**4-тапсырма.** Қимылдың өту сипатына көңіл аударыңыз. Қимылдың басталуын, қимылдың жалғасуын, қимылдың аяқталуын білдіретін етістіктерді табыңыз.

1. Қатты шыққан дауыстан зәреміз ұша бастады.

2. Үніміз шықпай отырмыз. Жаңбыр толастамай жауып тұр.
3. Жаңбыр таң ата тоқтады. Жарқыраған күнді көріп қуандық.

**5-тапсырма.** Жануарлар мен олардың дыбысталуын байланыстырыңыз.

Сиыр	боздайды
Жылқы	мөңіреді
Түйе	шәуілдейді
Түлкі	ұлиды
Қасқыр	кісінейді

**6-тапсырма.** Табиғатқа байланысты сөздердің қолдануына мән беріп, дұрыс байланыстырыңыз.

Таң	туады	Қыс	келеді
Ай	атады	Көктем	шығады
Күн	сөнеді	Жаз	түседі
Жұлдыз	шығады	Күз	туады

**7-тапсырма.** Өздік диктант.

1. Заттың атын білдіретін 5 сөз жазыңыз.
2. Заттың сапасын, түр-түсін білдіретін 2 сөз жазыңыз.
3. Заттың қимылын білдіретін 3 сөз жазыңыз.

**8-тапсырма.** Мәтіннен қимылды білдіретін сөздердің астын сызыңыз. «Көктем туды» деген тіркестің мағынасын түсіндіріңіз.

Наурыз – жылдың әрі көктемнің бірінші айы. Оны жыл басы деп санайтын халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» деп ерекше құрметтейді. «Наурызнама» думаны, «Наурызкөже» дәстүрі осы айда жасалады.

Күн ұзарады. Оны қазақтар «Ұзын сары» дейді. Бұл жуанның созылып, жіңішкенің үзілетін кезі болғандықтан, дәмді, қуатты тағамдарын халық осы кезге әдейі сақтап отырады.

Наурызда күн мен түннің ұзақтығы теңеледі. Халық *көктем туды* деп айтады. Яғни *жақсы күн туды, төл туды* деген ұғымды білдіреді.

**9-тапсырма.** Мәтіндегі «жаз шықты» деген сөздің айтылуына мән беріп, түсіндіріңіз.

Маусым – жаздың алғашқы айы, кейде *отамалы* деп те аталады. Бұл атау жер отының молайып, нәрленіп, малға жұғымының артуына байланысты шыққан. Маусымда шөп шабылып, мал азығы дайындалады. Яғни, халық тілімен айтқанда *жаз шықты* деп атаймыз. Бұл *шөп шықты, мал өріске шықты* деген сөзге орай айтылса керек.

**10-тапсырма.** Халық неліктен «күз келді» деп айтады?

Қыркүйек – күздің бірінші айы. Бұл – мал шаруашылығына орай шыққан атау. Қыркүйекте халық қыс қамын ойлай бастайды. Халық *күз келді* деп айтады, яғни жайлаудан «*мал келді, суық келді*» деген мағынада айтылады.

**11-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, сұрақ қойыңыз. «Қыс түсті» тіркесінің мағынасын түсіндіріңіз.

Желтоқсан – қыстың бірінші айы. *Жел* және *тоқсан* сөзінің қосындысынан шыққан. Ежелгі түріктер бұл айды *жел айы* деп атаған. Қыс күшіне еніп, боран болады. Халық тілінде *қыс түсті* деп айтылады. Бұл *қиындық түсті, қар түсті* деген ұғымдарды білдіреді.

### Сызбалар аймағы

**1-тапсырма.** Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлем құраңыз.

Тұрамын, облысында, мен, Орал. Мен, көремін, жақсы, туған, жерімді.

**2-тапсырма.** Берілген сөздерді орын орнына қойып, сөйлем құрастырыңыз.

1. Бар, адам, отбасымызда, бес, біздің.
2. Көмектесемін, мен, әке-шешеме.
3. Қызметкер, әкем, шешем, мұғалім.
4. Отбасымызбен, демаламыз, табиғатта.
5. Тату, отбасымыз, біздің.

**3-тапсырма.** Бес сөзден құралған сөйлемді табыңыз.

1. Біз ауамен дем аламыз.
2. Адамға таза ауа өте қажет.
3. Кітап – білім бұлағы.

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

1. Қыс .... . Қыс айлары: ....., ....., .... . Қысқы демалыс .... болады.  
Балалар .... жақсы көреді.

**5-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

Әнші ... айтады. Суретші ... салады. Кітапханашы ... береді. Құрылысшы ... салады. Биші ... билейді. Дәрігер ... емдейді. Жүргізуші ... жүргізеді.

**6-тапсырма.** Адамдар сөздерді орнына қойыңыз. Мәтінде не туралы айтылған?

1. Өседі, қаптап, жерде, арша таулы.
2. Аласа, бойы, болады, аршаның.
3. Жанады, өте, жақсы, ол.
4. Көгеріп, тұрады, ол, қысы-жазы.

**7-тапсырма.** Бес сөзден тұратын сөйлемді көшіріп жазыңыз.

Айгүл ауылға барды. Әжесі оған қолғап тоқып берді. Атасы музейге апарды.

**8-тапсырма.** Мағынасы жақын сөздерді байланыстырып, сөз тіркесін жазыңыз.

1. Алтын, алғашқы, жүйрік, мол, жетістікке, танымал, шешімін.
2. Күз, ат, қоңырау, тапты, спортшы, жетті, дастарқан.

**9-тапсырма.** Сөйлемдерді түріне қарай ажыратыңыз.

1. Көктем туды. Күн жылынды. Қар еріп, жылғалардан су ақты. Құстар ұшып келе бастады. Көктемде Наурыз мейрамы тойланады.

2. Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын!

Мерекеге жиналған жастардың ұлттық киімдері қандай керемет десеңші! Ауылдан келген балалардың билері сондай тамаша!

3. Наурыз мейрамы қашан тойланады? Наурызда қандай ұлттық тағамдар дайындалады? Наурыzkөженің құрамы қандай тағамдардан тұрады?

**10-тапсырма.** Берілген сызба бойынша сөйлем құраңыз.

\_\_\_\_\_ .  
\_\_\_\_\_ ?  
\_\_\_\_\_ !

**11-тапсырма.** Тұрлаулы мүшелерді тауып, астын сызыңыз.

Өнерлі өрге жүзеді. Ердің атын еңбек шығарады. Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.

**12-тапсырма.** Сөйлем ішінен бастауыш пен баяндауышты табыңыз.

Қыздар үлкен алма ағашының қасына келіп отырды.

**13-тапсырма.** Сұрақ бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Қашан? Кім? Қандай? Не істеді?



**14-тапсырма.** Қай сөйлемдерде сызықша дұрыс қойылғанын табыңыз.

Абай – ақын. Салтанат – бүгін кезекші. Мектепте – бүгін мерекелік кеш болады.

**15-тапсырма.** Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін тауып, астын сызыңыз.

Кеше мәдениет үйінде концерт болды. Асқар – үлгілі оқушы.

**16-тапсырма.** Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрап жазыңыз.

1. Айжан, бара жатты, Мәрия, мен, фермаға. 2. Олардың, ұша жөнелді, бір, үйрек, алдынан. 3. Ұшқан, жерге, олар, үйрек, келді. 4. Ұяда, жатыр, жері, жұмыртқа. 5. Олар, алмады, жұмыртқаны.

**17-тапсырма.** Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен болатын сөйлем құрап жазыңыз.

**18-тапсырма.** Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

Біз баққа бардық. Сәуле үшінші сыныпта оқиды. Біздің қала әдемі. Қазақстан – үлкен мемлекет. Біздің қалада үлкен саябақтар бар. Менің Отаным – Қазақстан. Мен өз елімді мақтан етемін.

**19-тапсырма.** Кестедегі сөздерді пайдаланып сөйлем құраңдар.

<b>Адамдар</b>	Лимон, пияз, сүт, ботқа, кәмпит, жұмыртқа, кеспе, қуырдақ, шай, қаймақ, ботқа, балық, борщ, күріш, шырын	қуырады пісіреді кеседі жейді сатып алады құяды		
<b>Адамдарға</b>	салат, торт, шай, нан, май, балмұздақ, шырын, айран, сәбіз	Жеуге, ішуге, салуға, жағуға, құюға, алуға, кесуге	тәрелке, пышақ, қасық, стақан, кесе, шанышқы	керек

**20-тапсырма.** Тілдік бөлшектерді үлкенінен кішісіне қарай жазыңыз.

Сөз тіркесі, буын, мәтін, сөйлем, дыбыс, сөз.

## Сөз маржаны

**1-тапсырма.** Мәтіннің түрін анықтаңыз.

Ірімшік – қазақтың ұлттық тағамы. Ол сиырдың сүтінен жасалады. Алдымен ұйытылады. Сосын қайнатылады. Қайнауы жеткен соң ірімшікті сүзіп алып, кептіреді.

**2-тапсырма.** Мәтінді жалғастырыңыз.


Қазақстан – үлкен мемлекет. Оның жері кең байтақ.

**3-тапсырма.** Мәтінде неше сөйлем барын анықтаңыз.

Күн жексенбі болатын. Жерде жылтылдаған қырбық қар бар. Есет қалың киініп далаға шықты. Ол қар күреп жатқан атасына көмектесті.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша графикалық диктант.

Біздің Еркін биыл тұңғыш рет мектептегі жаңа жыл мерекесіне барды. Жасыл шыршаны айнала қоршаған өз достарымен бірге ән салып би биледі.



**5-тапсырма.** Мәтінді өз бетіңше аяқтап жазыңыз.

Әли мектептен келе жатты. Ағаштың басында ілулі тұрған ұяны көрді.

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша талдау жасаңыз.

Су – табиғатта ең көп таралған зат. Жер шарының төрттен үш бөлігін су алып жатыр. Мұхиттар, өзен, көлдерге қоса жер асты сулары да бар. Су бұлт, тұман, бу, жаңбыр түрінде атмосферада да болады. Мұздықтар мен айсбергтер де су болып есептеледі.

Су барлық тірі ағзаның құрамында бар. Адамның, өсімдіктер мен жануарлар денесінің белгілі бір бөлігі судан тұрады.

Су – негізгі тіршілік көзі. Сусыз тіршілік жоқ. «Судың да сұрауы бар» дейді дана халқымыз. Сондықтан суды үнемдеп жұмсау керек.

I Тірек сөздерді табыңыз: \_\_\_\_\_

II Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Су жер шарының қандай бөлігін алып жатыр?

А. үштен бір бөлігін

Ә. үштен екі бөлігін

Б. төрттен бір бөлігін

- В. төрттен үш бөлігін  
2. Су табиғатта қалай таралған?

**7-тапсырма.** Өлеңді оқып, ұйқасын табыңыз.

Сен үшін бақша бұлбұлы  
Сұлу әнін ... .  
Сайдың сұлу гүлдері  
Сенің үшін ... .

**8-тапсырма.** Метаграмманың жауабын табыңыз.

Ол не?

Балықшының құралы,  
Екі әріптен тұрады.  
Бір әріпті жалғадым,  
Содан тыныс алғаным.

**9-тапсырма.** «Түлкі мен жолбарыс» туралы шағын ертегі құрастырып көріңіз.

*Ертеде түлкі мен жолбарыс дос болыпты. ....*

**10-тапсырма.** Берілген тақырып және тірек сөздер бойынша мәтін құрастырыңыз.

Тақырыбы: Қыс

Тірек сөздер: шана, қар, шырша, аққала, сырғанақ тебеді, шаңғымен сырғанайды.

### Көңілді аударма

**Тапсырма.** Көп нүктенің орнына аудармасын қойып, толықтырыңыз.

Свободный – бос,  
Друг – ... .

Облако – бұлт,  
Нация – .... .

Корабль – кеме,  
Кружок – .... .

Отдельно – жеке,  
Вместе – ... .

Месяц – ай,  
Музей – .... .

Кто? – кім?  
Одежда – ... .

Худой – арық,  
Светлый – ... .

Храбрый – ер,  
Искусство – ... .

Старый – ескі  
Коза –?

В этом году – биыл  
Корова –?

Шустрый – пысық  
Кошка –?

Рост – бой  
Овца – ?

Пуговица – түйме  
Верблюды – ?

Давно – бұрын  
Жеребенек – ?

Знай – біл,  
Язык – ...

Совестъ – ар,  
Есть – ...

Берег – жаға,  
Оценка – ...

Прибавь – қос,  
Друг – ...

Расческа – тарак,  
Урок – ...

Вода – су,  
Флаг – ...

Белка – тиін,  
Одежда – ...

Шаг – қадам,  
Человек – ...

### Танымдық (когнитивті) тапсырмалар

**1-тапсырма.** Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөзді табыңыз. Оларды бейнелі сөзбен беріңіз.

Міндеті: Зат есімдерді тауып, сұрақ қоюға, оларды бейнелі сөзбен беруге үйрету, бейнелі ойлауын дамыту

Асқар тау – кім? (әке)  
Балалар панасы – кім? (ана)  
Бала – не? (бақыт, қуаныш)

**2-тапсырма.** Мәтіннен алмастырылған зат есімдерді тауып, бөлек жазыңыз. Мағынасына талдау жасап, салыстырыңыз.

Міндеті: Алмастырылған сөздердің мағынасын салыстыруға, талдауға үйрету

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып, алдынан қарсы кездескен бір баладан:

– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды.

Сонда бала:

– *Бал тәтті*, – деген екен.

– Ал, жұмсақта не жұмсақ?

– *Мамық жұмсақ*.

– Қаттыда не қатты?

– *Тас қатты*.

Бұл баланың жауабын тыңдап тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп өтінеді.

– Ал, айта ғой, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.

– Ананың *сүті*, – деп жауап беріпті бала.

- Не жұмсақ?
- Ананың қолы!
- Ал, енді не қатты? – деп сұрағанда:
- Атаның жүрегі, – деген екен. Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сөйлемге байланысты тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазыңыз.

Міндеті: Зат есімдерді дұрыс қолдануға дағдыландыру

*Байлық* – қолға ұстаған ... (мүз)

*Бақыт* – ұзатылған ... (қыз)

*Бала* – артта қалған ... (із)

**4-тапсырма.** Мақалды жалғастырыңыз.

Міндеті: Сөздерді сөйлемде дұрыс қолдануға үйрету

Ер қанаты – ... (ат)

Түйе – ... (байлық)

Жылқы – ... (сәндік)

Ілім – ... (бұлақ)

Білім – ... (шырақ)

**5-тапсырма.** «Оның досын табыңыз».

Елдің досы кім? (ер)

Жердің досы кім? (диқан)

Суретшінің досы не? (бояу)

Жауынгердің досы не? (қару)

Атбегінің досы не? (тұлпар)

Оқушының досы не? (кітап).

**6-тапсырма.** Түсі ақ, сары, қоңыр, ала хайуанаттарды атаңыз.

Мәселен: Түсі ақ: ақтиін, ақкіс, қасқыр т.т.

**7-тапсырма.** Сөздердің сәйкесетін жұптарын тауып, жазыңыз.

Өзен, жылқы, бұйда, тау, сексеуіл, тазы, асық, арба

Керекті сөздер: *Арқар, шоқ, сақа, ер-тоқым, аңшы, балық, түйе, дөңгелек*

Үлгі: өзен – *балық*, бұйда – *түйе*, арба – *дөңгелек*

**8-тапсырма.** «Отан», «Достық», «Көктем», «Табиғат» тақырыбына қатысты сөздерді жинақтап жазыңыз.

Үлгі: «*Отан – ата-ана*», «*Отан – туған жер*», «*Отан – ел, астана*», «*Отан – жасыл орман, шалқар көл, асқар тау*», «*Отан – алып киіз үй*».

**9-тапсырма.** Қандай жалқы есімді білесіңіз, жалқы есімнің емлесі бойынша кестедегі көп нүктені толтырыңыз.

Түрлері	Мысалдар
Кісі аттары	
Атақты күйшілер	Құрманғазы, Дина....
Батырлар	Сырым, Махамбет, Мәншүк ...
Ақындар	Махамбет, Қадыр .....
Атақты әншілер	Мұхит, Ғарифолла, .....
Жер-су аттары	
Өзен атаулары	Қараөзен, ....
Құм атаулары	Аққұм, ....
Көл атаулары	Егіндікөл, .....

**10-тапсырма.** Өлеңді оқып, екі өлеңді салыстырыңыз. Авторлардың айтпақ ойын өз сөзіңмен жеткізуге тырысыңыз және дәптерге жазыңыз.

### Шаршы топта сөз бастау қиын

Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар.  
Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар.  
Шаршы топта сөз бастау қиын,  
Шешімін таппас дау бар. (Бұқар жырау)

### Бәрінен де сөз бастау қиын

Қол бастау қиын емес, көк найзалы ерің болса.  
Жол бастау қиын емес, соңыңа ерген елің болса.  
Бәрінен де сөз бастау қиын:  
Тауып айтсаң, мереке қылады,  
Таппай айтсаң, келеке қылады. (Досбол шешен)

**11-тапсырма.** Жәнібек ханға Жиренше шешеннің кайтарған сөзін мәнерлеп оқып, асты сызылған сөзді түсіндіріп көріңіз. «Бұл дүниеде не өлмейді?» деген сұраққа сіз қалай жауап берер едіңіз?

### Бұл дүниеде не өлмейді?

Асқар таудың өлгені –  
Басынан бұлттың асқаны.  
Ай мен күннің өлгені –  
Еңкейіп барып батқаны.  
Аққан судың өлгені –  
Аязда мұз боп қатқаны.  
Қара жердің өлгені –  
Қар астында жатқаны.  
Ажал деген – атқан оқ,  
Одан ешкім құтылмайды,  
Бір алланың қақпаны.

Бұл дүниеде не өлмейді?  
– Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді.

**12-тапсырма.** Сюжеттік әңгіме құрастыруға үйрету.

Мысалы, сен *итке, атқа* айналып кеткенде:

- күні бойы не істер едің;
- не жер едің;
- қожайының қандай адам, саған қалай қарар еді;
- қайда ұйықтар едің;
- қожайыңнан қандай жақсы нәрсе алғың келеді.

**13-тапсырма.** Сиқыршы. Суреттерді мысалы, үтік, шайнек, көше, дүкен, мектеп, дос, кино т.б. тақтаға ілу арқылы «Мен үтікпін», «Мен мектеппін» ойынын ойнатуға болады.

- Үйге келместен бұрын мен қайда болдым;
- үйге қалай келдім;
- мен не істей аламын;
- мен кімді жақсы көремін, мені кім жақсы көреді;
- менімен қандай қызықты нәрселер болды.

**14-тапсырма.** Оқиғаның себебін анықтауға үйрету. Бұл неліктен болды?

Барлық үйде жарық кенеттен өшіп қалды.  
Жағадағы су үйдің маңын басып кетті.

**15-тапсырма.** Оқушылардың қиялын дамыту.

- егер 3 метрге биік тұрсаң не істер едің;
- онда сенің сүйікті ісің не болады;
- саған не ұнамас еді;
- қанша уақыттан кейін қалпына келер едің.

**16-тапсырма.** Не болар еді, не істер едің, егерде.

Краннан шырын ақса; жаңбырдың орнына өрік жауса, әрқайсысынан 3 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырыңыз.

**17-тапсырма.** Сөйлемді жалғастырыңыз.

*Таудың басында қатты айқайлауға болмайды, себебі ...*  
*Құстар жылы жаққа ұшып кетті, себебі ...*  
*Қар ери бастады, себебі...*

**18-тапсырма.** Бір ғана себебін таңдап, өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.

*Марат сөзі бас әріппен жазылады, себебі...*

... адам аттары бас әріппен жазылады

... қыздың аты

... солай жазылуға тиіс

... басқаша қате болар еді.

**19-тапсырма.** Анықтауыш.

Етікші – *жанды нәрсе, етік жасайтын адам*, кітап – *қалың, көп ақыл үйретеді*.

**20-тапсырма.** Бір дыбысын өзгертіңіз.

Мысалы, шөп-көп-көл. Түз – құз – мұз. Түз – күз. Біз – із.

**21-тапсырма.** Төл қалай өсті?

Бұл ойында балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың мүшесі *қошақан*, сол топтың келесі баласы *бағлан* т.т., яғни балалар эстафета тәрізді рөлдерде болады. Қошақаннан бастап қой болғанға дейінгі аралықтағы атауларды көрсеткен балаларды қарсы топ білуі керек. Мәселен, *қошақан, қозы, бағлан, марқа, тоқты, тұсақ, қой т.т.* Қарсы топтың мүшелері басқа жануардың төлінің өсу кезіндегі аттарын жасырады. Мәселен, *құлыншақ, құлын, құнанишығар, құнан, дөненишығар, дөнен, бесті т.т.* Барлық атауларды тапқан топ ұпай саны бойынша жеңіске жетеді.

**22-тапсырма.** Мінез түрлеріне қатысты мына *ерке, шолжың, мейірімді, ертектіл, тіл алғыш, турашыл, ақсақалды, сыйлас, таяқты, жарқын жүзді* сөздермен *ата, әже, ана, әке, аға, апа, қыз, іні, қарындас, көрші, қойшы* сөздерді сәйкестендіріңіз.

Ерке – (қыз); шолжың – (қарындас); мейірімді – (ана); сыйлас – (көрші); қатаң – (әке); ақсақалды – (ата); ертектіл – (әже); тіл алғыш – (іні); турашыл – (аға); таяқты – (қойшы); жарқын жүзді – (апа).

**23-тапсырма.** Мамандық атауларын жазыңыз.

Үлгі: Кәсіп+кер

Сиыр, арба, қой, жылқы, мал, қасап, дәрі, балық, құрылыс.

**24-тапсырма.** Туыстарыңның аттарын жазыңыз.

Мәселен: Нұржан – ағам; Алуа – апам (әпкем); Балым – (сіңлім); Амантай – (інім); Сағынтай – (нағашым); Самат – (бөлем);



Шырын – (жиенім).

**25-тапсырма.** Не қажет? сұрағына жауап жазыңыз.

Мысалы, *Адамға не қажет:* ..... (ауа, өмір, денсаулық)

*Өсімдікке не қажет:* ..... (су, ...)

*Жануарға не қажет:* ..... (азық, ....)

**26-тапсырма.** Құстар қалай ұшады? Жазыңыз және есте сақтаңыз.

Аққу суылдайды      Бүркіт қалықтайды

Сұңқар самғайды      Үйрек сусылдайды.

**27-тапсырма.** Аңдар қалай жүреді және немен қоректенеді?


Қасқыр (бүкеңдейді). Тасбақа (жорғалайды). Елік (елеңдеп жүреді).

Құндыз (жүзіп жүреді). Қасқыр (жануарларды), тасбақа (балық, шаяндарды), Елік (шөпті), Құндыз (ағаш бұтақтарын) жейді.

**28-тапсырма.** Мәтінде не туралы айтылған?

Еріктің ең жақсы көретіні – цирк. Ерік циркке жиі барады. Ол момақан жануарларға мәз болып, қол соғады. Ортаға күлдіргіш шыққанда, өзін-өзі ұмытып кетеді. а) Ерік      б) цирк      в) күлдіргіш

**29-тапсырма.** «Туған жеріңнің несімен мақтана аласыз?» сұрағын қою арқылы жүргізіледі. Сөздерді атап жазыңыз және сөйлем құраңыз немесе мақал-мәтелдер келтіріңіз. Үлгі:



**30-тапсырма.** Кім болам!» суреті бойынша қиялдау.



**31-тапсырма. С. Мәуленовтың:**

«Дала десе көл түседі есіме,  
 Дала десе ел түседі есіме.  
 Дала десе түседі еске *арғымақ*,  
 Кең далада шабатұғын көсіле» өлеңі бойынша сурет салыңыз.

**Интеллектуалдық тапсырмалар**

1. Төмендегі жұмбақтардың шешуін тауып, ондағы сын есімдерді табыңыз.

Үй үстінде ұсақ тас. (Жұлдыз)  
 Көк күшігім көкке қарай ұлиды. (Түтін)  
 Аттан биік, иттен аласа. (Ертоқым)  
 Апан-ұпан, ескі шапан.  
 Иір қобыз, жарық жұлдыз (Түйе)  
 Белі бүкір, алысқа түкір. (Мылтық)  
 Жайса көлдей, жиса жеңдей. (Киіз үй)  
 Екі басы жұдырықтай, белі қылдырықтай. (Құм сағат)  
 Басы қалпақтай, бойы қылдырықтай. (Тұтқыш)

2. Сын есім тіркесімен аталатын республикамыздағы қала, тау, көл аттарын жазыңыз.

3. Құрамында 3 т әрпі келетін негізгі сын есімді айтыңыз.

4. Біреуінің құрамында 3 а, біреуінде 3 е келетін негізгі сын есімді табыңыз.

5. Оңға қарай оқысаң да, солға қарай оқысаң да сын есім болатын қай сөз?  
(Көк, ала)
6. Жетіге дейін саналатын қай сын есім? (Жинақтық)
7. Мына сан есімдер қай мақалда қолданылады?  
Алтау, төртеу; алтау, бесеу; бір-ақ; қырық, бір
8. Бес әріппен жазылып, бір цифрмен таңбаланатын қай сан есім? (8, 9)
9. Түйеге жұрнақ жалғанса, кім болады? (Түйеші)
10. Айгүл тақтаға «Бір қазан ұшып кетті» деп жазып еді, балалар оған ду күлді. Балалар Айгүлге неге күлді?
11. Бөлек жазылса, сын есім мен географиялық термин. Бірге жазылса, республикамыздағы бір қала. (Ақтөбе)
12. Бірге жазсаң, кен өндірісінің аты. Бөлек жазсаң, металл мен өткен шақтық есімше. (Қарағанды)
13. Бөлек жазсаң біреуі түйреп алады.  
Бірге жазсаң, бір құс болады. (Бізтұмсық)
14. Екі сөз бірігіп айтылса, Онда ол тышқан  
Бөлек-бөлек айтылса, Біреуі ұсталық сайман (Егеуқұйрық)
15. Әр сөзі е әрпінен басталатын үш сөзден тұратын еңбек туралы мақал жазыңыз.
16. Әр сөзі б әрпінен басталатын төрт сөзден тұратын адамның қасиеттері туралы бір мақал.
17. Әр сөзі к әрпінен басталатын екі сөзден құралған тәлім-тәрбие туралы бір мақал.
18. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыл. (Көз қорқақ, қол батыр)
19. Түкіріктен көл құрала ма?
20. Қандай кілт аспанда?

21. Неден не жаман?

22. Күн жаумай, су болатын не?

23. Тауық түс көре ме?

24. Жаңа сөз жаса.

Азат- шоқ-

Кексе- сат-

Қысым- сан-

25. Әліпби тәртібіндегі 7, 20, 22 әріптерді тіркеп жазсаң, балалардың бір ойыншығының аты шығады.

26. Жазылады, бірақ дыбысталмайды  
Онсыз біраз сөз дұрысталмайды. Ол не? (Жақша)

27. Жазда өсіп піседі,  
Дәмі тәбет ашады.  
«Қ» орнына «Ж» қойсаң,  
Көктен тамып түседі,  
Жердің шаңын басады. (Қауын-жауын)

28. Егер «Т» -дан бастасақ,  
Биіктердің биігі.  
Егер «Д»- дан бастасақ,  
Қиындардың қиыны.  
Екеуін де алып тастасаң,  
Балықшының бұйымы. (Тау-дау-ау)

29. Екі төлдің атынан бір төлдің аты шығады? (Тайлақ)

30. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мақал құрап жазыңыз.

Өлше – кес

31. Бір сөздің соңы, екінші сөздің басы болатын бөлікті жазыңыз.

Мы (... )сық

32. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мақал құрап жазыңыз.

Ас – нан

33. Судан алады, судан өледі. (Түз)


34. Тарихта болған белгілі адамдардың іс-әрекетіне, сөзіне байланысты ел аузына сақталып қалған әңгімелер. (Аңыз)





### Қысқа мерзімді жоспар

<p><b>Пән:</b> Сауат ашу</p> <p><b>Сынып:</b>1 «Е»</p> <p><b>Күні:</b></p> <p><b>Сабақтың тақырыбы:</b> «Кейіпкерді сипаттау»</p>	<p><b>Мектеп:</b> № 46 ЖОББМ</p> <p><b>Мұғалімнің аты-жөні:</b></p> <p><b>Қатысқандар:</b></p> <p><b>Қатыспағандар саны:</b></p>
<p><b>Ұзақ мерзімдегі оқу мақсаты</b></p>	<p>1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.</p>
<p><b>Сабақ мақсаттары</b></p>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Тақырыпқа байланысты керекті сөздердің көмегімен сөйлем құрастыра алады.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> Сызбаны толықтырады. Суреттерге сәйкес жай сөйлемдер мен қысқа мәтін құрайды.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Жай сөйлемдер мен мәтін құрастырады және өз ойларын қосып қатесіз жазады.</p>
<p><b>Бағалау критерийлері</b></p>	<p>Тірек сөздердің көмегімен сөйлем, мәтін құрайды. Сызбаны толықтырады. Шағын мәтін құрап, дәптерге жазады.</p>
<p><b>Сөздік қор</b></p>	<p>Өлеңді оқып, не туралы айтылғанын анықтауда кітап-кітап-book,сызбаны толықтыруда ит-собака-dog, дос-друг-friend сөздерін пайдаланады.</p>
<p><b>Құндылықтарды дарыту</b></p>	<p>Топқа бөлінуде құрмет пен ашықтық құндылығы арқылы әдептілік пен тәртіпке қатысты ережелерді сақтауды қолданады. «Кім шапшаң» айдарында топпен, «Орында пкөр» айдарында жұппен жұмыстанады. «Ойна да ойла» айдары бойынша өмір бойы білім алу, іздену құндылығы қалыптасады.</p>

<b>Денсаулық және техника қауіпсіздігінің сақталуы</b>	Бір-біріне жақсы көзқарасты қалыптастыру үшін «Балмұздақ» әдісінде әдептілікке, сыйластыққа, «Кім шапшаң» айдарында топпен және «Орындап көр» айдарында жұппен жұмыс жасау арқылы ұжымдық тәртіпке, «Дыбыс пен әріп» бөліміндегі «Буын және тасымалда» «Дұрыс, бұрыс», «Сөз» бөлімінде «Заттың сынын білдіретін сөздерде» «Сұрыптау» танымдық ойындарында ынтымақтастыққа қатысты ережелерді сақтайды.
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	<p><b>Сауат ашу</b> «Ойна да ойла» айдарында қосарлы дыбыстарға қатысты дыбыстық талдау жасайды, кері байланыста тазалықтың мүмкіндіктері жөнінде ойланады, әңгімелейді.</p> <p><b>Көркем еңбек</b> Оқулықтың 62-63- бетіндегі «Түс және жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша оқушылар жұптық жұмыспен тапсырманы орындауда тиісті түстерді таңдайды.</p> <p><b>Жаратылыстану, дүниетану</b> «Бинго» ойынында Томирис ханшайым. Алтын адам, алғашқы адам туралы сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Математика</b> «Ойна да ойла» айдарында математика пәнінен сұрақтарға жауап береді.</p> <p><b>Музыка</b> Сергіту сәтінде оқушылар «Сазды әуен» дыбыстық жазбасын тыңдау арқылы «Бинго» ойынын ойнайды.</p> <p><b>Орыс тілі мен ағылшын тілі</b> Кітап-книга-book, сызбаны толықтыруда ит-собака-dog, дос-друг-friend сөздерін пайдаланады.</p>
<b>АКТ қолдану дағдысы</b> (сабақта қолданылатын болса көрсетіңіз)	Мультимедиапроектор, «Сұрыптау», «Дұрыс, бұрыс» (imektep.kz) ойындарын қолдану. АКТ көмегімен уақытты белгілеуде таймерді пайдалану.
<b>Алдыңғы меңгерілген білім</b>	Оқушылар өз көзқарасын білдіру, ережеге сүйену, ойын еркін жеткізу сияқты алғашқы коммуникативтік дағдыларына сүйенеді.

### Сабақ барысы

<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақта жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 2 минут	<p align="center"><b>Қызығушылықты ояту</b></p> <p>(Ұ) Бұл не дыбыс балалар? Сыңғырлады қоңырау. Басталады сабағым, Орнымда тұзу тұрамын.</p>	
3 минут	<p>(Ұ.) «Балмұздақ таяқшалары» әдісімен 2 оқушы әр таңдап алынады. «Квест» ойынымен сынып ішінде бағыттар ақ қағазға салынып, қорапқа жеткенше жабыстырылады. Оқушылар сынып ішіне кіргенде тапсырма түсіндіріліп,</p>	

	<p>бағыт бойымен қорапты іздейді.</p> <p><b>Ұжымдық бағалау: «От шашу»</b></p> <p>-Қорап ішіндегі кима суреттерді алып, топқа бөлінеді.</p> <p>(Қораптағы кима бөліктерден кітап пен мектептің суреттері құрастырылады.)</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>3 минут</b></p>	<p style="text-align: center;"><i>Мағынаны тану</i></p> <p><b>(Т) «Кім шапшаң?»</b></p> <p>Екі топ құрастырылған кітап пен мектеп сөздерін байланыстырып мәтін құрастырады.</p> <p><b>Топтық бағалау: «Кеңістік фигуралар»</b></p> <p><b>(Ж. Ұ.)«Ретінді біл»</b></p> <p>Оқулықтың 118-бетіндегі «Кітап» өлеңін жеке, ұжыммен оқиды.</p>	 
<p><b>4 минут</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p><b>«Ретінді біл»</b> ойынымен сыныптағы оқушыларға өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар қойылады. Кім тез жауап берсе, жауабына қарай күлімдеген, тұнжыраған, жылап тұрған <b>«Смайликтер»</b> арқылы өздерін бағалайды.</p> <p>-Өлеңде не туралы айтылған?</p> <p>-Кітап пен оқулық сөздерінің ұқсастығы неде?</p> <p>-Кітаптар қайда жинақталады?</p> <p>-Неліктен кітапты құрметтейміз?</p> <p>-Ең алғашқы оқулығың қалай аталады?</p> <p>-Қазақ балаларына арнап алғаш мектеп ашқан кім?</p> <p><b>Өзін-өзі бағалау: «Смайликтер»</b></p> <p><b>(ЖЖ)«Орындап көр»</b></p> <p>4-тапсырма сызбаны толықтыр.</p> <p><b>1-жұп.</b> «Менің достарым» айдарына не? сұрағына жауап беретін сөздерді тауып жабыстырады. (ит, кітап, т.с.с)</p> <p><b>2-жұп.</b> «Менің достарым» айдарына кім? сұрағына жауап беретін сөздерді жазады.</p> <p><b>3-жұп.</b> Қандай? сұрағына жауап беретін сөздерді пайдаланып, қоянды сипаттайды.</p> <p><b>4-жұп.</b> Не істеді? сұрағымен байланыстырады.</p> <p><b>Жұптық бағалау: «Жемістер»</b></p> <p><b>(Ж) «Ойна да ойла» айдары «Бинго» ойыны.</b></p>	

1	2	3
4	5	6
7	8	9

3 минут

1. Мектебіміздің мекен жайы
2. 1 аптада неше күн
3. Алтын адамның аңыздағы аты
4. Атақты сақ ханшайымы
5. Жердің жасанды моделі
6. Уақытты өлшеу құралы
7. Таяқ сөзіндегі дыбыс саны
8. Жауабы 5-ке тең теңдеу  
 $20-x=14$      $18-x=13$

9. Дыбыстар саны

Ең бірінші болған оқушы «*Бонуспен*» бағаланады.

**Мұғалім бағалауы: «Бонус»**

**(ЖЖ) Дәптермен жұмыс**

Дәптердің 44-бетіндегі тапсырманы жеке орындайды. Өз отбасы жайында қысқа 2-3 сөйлем жазады. 3-4 оқушыға оқытылады.

**Өзін-өзі бағалау: «Көліктер түрі»**

**(Ж) Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары**

**Оқу мақсаты:**

1.3.8.1. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** Қолдану.

**Бағалау критерийі:**

Білім алушы

• Әріп элементтерін дұрыс байланыстырып салады.

• Сөздерді каллиграфиялық талаптарға сай жазады.

**Тапсырма**

Суреттердің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.



**Дескриптор:**




3 минут

3 минут





	<p>Білім алушы</p> <p>- жазу жолының сызықтары мен жоларалық кеңістікті сақтайды.</p> <p>-Әріп элементтерін дұрыс байланыстырады.</p> <p>-Суретті сөйлеммен дұрыс байланыстырады.</p> <p>-Сөйлемдерді сауатты, көркем жазады.</p> <p><b>Мұғалімнің бағалауы: «Айналайын! Ақылдым! Ботам!» сөздері</b></p> <p><b>(ЖЖ) «Ақиқат пен жалған»</b> әдісімен танымдық сұрақтар қойылады.</p> <p><b><u>I. «Жауапты сұрақтан ізде» ойыны</u></b></p> <p>1. Қолына раушан гүл ұстаған қыздың атын білесің бе?(раушангүл)</p> <p>2. Қоянбаев Әсет орманда қандай аңды көрді? (қоян)</p> <p>3. Ертеде талды қорған болған қала қазір қалай аталады?(Талдықорған)</p> <p><b><u>II. «Сөз құра» ойыны</u></b></p> <p>1. Доп, ыдыс, балық, ыдыс, сабын.(дыбыс) - Дыбыс пен әріптің айырмашылығы?</p> <p>2. Мысық, әтеш, тасбақа, ін, нан.(мәтін) - Мәтін туралы не білеміз?</p> <p>3. Үйрек, лақ, кітап, етік, нар.(үлкен) - Үлкен сөзіне қарама-қарсы сөзді тап.</p> <p><b>Мұғалімнің бағалауы: «Айналайын! Ақылдым! Ботам!» сөздері</b></p>	
<p>4 минут</p>	<p><b>(ҰЖ) «Сұрыптау», «Дұрыс, бұрыс»</b></p> <p><i>(imekter.kz)</i> ойындарын қолдану.</p> <p><b>Ұжымдық бағалау: «Шапалақ»</b></p> <p>Егер сабақ ұнаса, саусағыңды тарсылдат.</p> <p>Егер сабақ ұнаса, аяғыңды тарсылдат.</p> <p>Егер сабақ ұнаса, шапалақта жарыса,</p> <p>Егер сабақ ұнаса, айтайықшы тамаша!</p> <p>Сөздерді құрастырып, әр қатардағы артық сөзді табыңыз.</p>	
<p>2 минут</p>		

<p>Сабақтың соңы 3 минут</p>	<p style="text-align: center;"><i>Ой толғаныс</i></p> <p style="text-align: center;">Кері байланыс «Тазалық»</p> <p style="text-align: center;"><b>ТАЗАЛЫҚ</b></p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;">  <p style="color: red; font-size: small;">Тақырып бойынша алған керекті ақпаратты чемоданға салыңыздар.</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p style="color: green; font-size: small;">Сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар.</p> </div> <div style="text-align: center;">  <p style="color: purple; font-size: small;">Бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, етартқышқа салыңыздар.</p> </div> </div>	<p>Шамадан етартқыш, қоқыс жәшігінің суреттері</p>
<p>Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>«Квест» әдісінде бағыттарды табады.</p> <p>«Кім шапшаң?» айдарын да топпен жұмыстанады.</p> <p>«Ретіңді біл» айдарында сұрақтарға реттері бойынша жауап береді.</p> <p>«Орындап көр» айдарында жұппен жұмыстанады.</p> <p>«Ойна да ойла» сергіту сәтінде пән бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>ҚБ:1.«Квест» ойынында ұжымдық бағалау «Отшашу»</p> <p>ҚБ:2.«Кім шапшаң?» айдарында топтық бағалау «Кеңістік фигура»</p> <p>ҚБ:3. «Ретіңді біл» айдарында өзін-өзі бағалау «Смайлик»</p> <p>ҚБ:4.«Орындап көр» айдарында жұптық бағалау «Жемістер»</p> <p>ҚБ:5.«Ойна да ойла» сергіту сәтінде «Бонус»</p> <p>ҚБ:6.Дәптермен жұмыста өзін-өзі бағалау «Көліктер түрі»</p> <p>ҚБ:7.ҚБ тапсырмаларында мұғалімнің бағалауы «Айналайын! Ақылдым! Ботам!» сөздері</p> <p>ҚБ:8. «Ақиқат пен жалған» әдісінде мұғалімнің бағалауы «Айналайын! Ақылдым! Ботам!» сөздері</p> <p>ҚБ:9.« <i>imektep.kz</i>» тапсырмаларында ұжымдық бағалау «Шапалақ»</p>	<p>Бір-біріне жақсы көзқарасты қалыптастыру үшін «Балмұздақ» әдісінде әдептілікке, сыйластыққа, «Кім шапшаң?» айдарында топпен жұмыс жасау арқылы ұжымдық тәртіпке, «Сұрыптау», «Дұрыс, бұрыс» танымдық ойындарында ынтымақтастыққа қатысты ережелерді сақтайды.</p>

<p><b>«Ақиқат пен жалған»</b> әдісінде танымдық тапсырмаларға жауап алынады.</p> <p><b>«imekter.kz»</b> тапсырмаларын орындайды.</p>		
--	--	--

<p><b>Сабак :</b> <b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b></p>	<p><b>Мектеп:</b></p>
---	-----------------------

<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	
<b>Сынып: 4</b>	<b>Қатысқандар:</b>	<b>Қатыспағандар:</b>
<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b>	4.2.4.1 Жоспар/ жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау.	
<b>Сабақтың мақсаттары:</b>	<p><b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Жоспар қолданып, мәтінді толық мазмұндайды.</p> <p><b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Мәтіннің мазмұнына диалог құрастырады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Мәтіндегі негізгі ойға постер жасайды.</p>	
<b>Бағалау критерийлері:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәтінді толық мазмұндайды.</li> <li>- Мәтіннің мазмұнына диалог құрастырады.</li> <li>- Мәтінге постер жасайды.</li> </ul>	
<b>Тілдік мақсат:</b>	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b> жоспар бойынша мәтінді толықтай мазмұндай алады, постер арқылы өз ойын жеткізеді.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> мамандық, қазіргі кеде, жаманы болмайды, пайдасы, емдейді, дәмді тағамдар, еңбексүйгіштік, білім.</p> <p><b>Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> қазіргі уақытта, мамандықтың түрі, пайдасы бар, білім қажет, болашақ мамандығым, болғым келеді, қызмет ету, жақсы маман.</p> <p><i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i></p> <p><i>Не себепті ..... деп ойлайсыз?</i></p> <p><i>Не себепті мамандықтың бәрі жақсы деп ойлайсыз?</i></p>	
<b>Алдыңғы оқу:</b>	Мамандық туралы түсініктері бар.	
<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>

<p>Басы</p>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b>  <b>Сәлемдесу</b>  <b>«Шаттық шеңбер»</b> оқушылар арасында психологиялық аухал жасау.  Сәлем бердік, алтын күн.  Сәлем бердік, ашық аспан.  Сәлем бердік, Отанға!  Сәлем бердік, баршаға!  <b>«Пазл»</b> бойынша оқушыларды топқа бөлу. / <b>техника, өнерге, қызмет көрсету бағыттарына/</b>  <b>Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын ашу.</b></p>  <p>- Мына суретте кімдерді көрдіңіз?  - Бір сөзбен қалай айтамыз?  - Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсындар?  - <b>Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы»</b>  - Мамандықтың қандай түрлерін білесіндер?</p>	<p>Интербелсенді тақта</p> <p>қима қағаздар</p> <p><a href="http://yandex.kz/images/search">yandex.kz/images/search</a></p>
<p>Ортасы</p>	<p><b>Жаңа сөздермен жұмыс:</b>  Пайдасы  Дәмді  Әзірлейді  Еңбексүйгіштік  Емдейді  / оқушылар жаңа сөздердің аудармасын ресурс арқылы табады/  * сөздерді тізбектеп оқиды;  * сөздермен сөз тіркестер, сөйлемдер құрастырады;  Мәтінді мұғалім оқып шығады;  Мәтінді 2 рет дикциясы және жақсы оқитын оқушы оқиды .  Жылқышының қолында –  «Ұ» әрпімен,  Ондық саны тобында-  «Ы» әрпімен. (Құрық-қырық)  «С»-мен айтсаң,  Тағам ішем онымен.  «З»-мен айтсаң,</p>	<p>сөздік кітапшасы,  ұялы телефон</p> <p><b>«Қарлы кесек»</b> әдісі бойынша барлық оқушылар мәтінді меңгергенін анықтауға болады</p>

	<p>Қағам жерге оны мен. (Қасық-қазық)</p> <p>«Ж»-дан бастасаң, Жыл мезгілі болады. «Қ»-дан бастасаң, Құсқа айнала алады. (Жаз-қаз)</p> <p>Сөздерді құрастырып, әр қатардағы артық сөзді табыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚМЛАА, ОРБ, ҚҚЗААНЫ, ААТҚТ.</li> <li>2. ҒЫУБ, ММЙАЫЛ, АКПТ, НЫРТААС.</li> <li>3. ЛАМЫШ, СҰТА, ЙЫШОҚЫН, ҰЛАМҒІМ.</li> </ol> <p><b>1-тапсырма. Мәтінді түсініп, оқындар, жоспар бойынша толық мазмұндандар.</b> Қазіргі уақытта мамандықтың түрі көп. Олар: мұғалім, аспаз, биші, әнші, дәрігер, сатушы, құрылысшы т.б. Мамандықтың жаманы болмайды. Әр мамандықтың өз пайдасы бар. Мысалы, дәрігер адамды емдейді. Аспаз әртүрлі дәмді тағамдар әзірлейді. Жақсы маман болу үшін еңбексүйгіштік пен білім қажет.</p> <p><b>Жоспар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазіргі кездегі мамандық.</li> <li>2. Мамандықтың түрлері.</li> <li>3. Әр маманның іс- әрекеті.</li> <li>4. Жақсы маман.</li> </ol> <p>Оқушылар топта мәтінді мазмұндайды.</p>	<p><a href="https://m.youtube.com/watch">https://m.youtube.com/watch</a></p> <p>«<b>Ашық микрофон</b>» әдісі арқылы оқушылар ойын жинақтап, ашық айтады.</p>					
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="502 1646 790 1713">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="790 1646 1093 1713">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="502 1713 790 1915" rowspan="2">Жоспар қолданып, мәтінді толық мазмұндайды.</td> <td data-bbox="790 1713 1093 1792">1. Мәтінді оқып, мазмұн менгерді.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="790 1792 1093 1915">2. Жоспар бойынша мазмұнын, толық ойын жеткізді.</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Жоспар қолданып, мәтінді толық мазмұндайды.	1. Мәтінді оқып, мазмұн менгерді.	2. Жоспар бойынша мазмұнын, толық ойын жеткізді.	
Бағалау критерийі	Дескриптор						
Жоспар қолданып, мәтінді толық мазмұндайды.	1. Мәтінді оқып, мазмұн менгерді.						
	2. Жоспар бойынша мазмұнын, толық ойын жеткізді.						

**САРАЛАУ:** жоспар бойынша мәтінді мазмұндауға қиындық туған жағдайда сұрақтар қойылады.

- Мәтін не туралы?
- Қандай мамандық түрлерін мәтіннен білдің?
- Жақсы маманболу үшін не қажет?
- Балалар, жоспар бойынша мәтінді толық мазмұндайсыңдар.

**Кері байланыс:** Тапсырманы орындай алғандар мадақталады, орындай алмағандарға бағыт-бағдар беріледі.

**Бағалау:** бағалау парағы арқылы, оқушылар өздерің бағалайды.

**Сергіту сәті:** «Бала, бала балапан» интербелсенді тақтада көрсетіледі.

**2-тапсырма. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбы бойынша диалогқа түсу.**

**«Постер» әдісі** арқылы мәтіннің мазмұнын пысықтау, түйінді ойларды бекіту

Бағалау критерийі	Дескриптор	балл
Мәтіннің мазмұнына диалог құрастырады.	1. Мәтіндегі ақпаратқа сүйенді.	1
	2. Диалогқа түсті.	1

**САРАЛАУ:** тапсырмада диалог құрастыру үшін сұрақ үлгілерін көрсеттім.

- Қандай мамандық түрлерін білесің?
- Болашақта қандай маман болғың келеді?
- Жақсы маман деген кім?
- Балалар, мәтіндегі ақпаратқа сүйеніп, диалогқа құрастырасыңдар.

**Кері байланыс:** Тапсырманы орындай алғандар мадақталады, орындай алмағандарға бағыт-бағдар беріледі.

**Бағалау:** бағалау парағы арқылы, оқушылар өздерің бағалайды.

**3-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойға постер жасаңдар.**

мамандық

Бағалау критерийі	Дескриптор	балл
Мәтінге постер жасайды.	1. Мәтін мазмұнына постер құрастырды.	1
	2. Постерді қорғады.	1

**САРАЛАУ:** Постер жасау кезінде, мәтіннің мазмұнын пысықтау және өз ойларын тиянақты жеткізу үшін сұрақ арқылы қолдау көрсетемін.  
– Өмірде қандай мамандықтар бар ?  
– Әр мамандықтың пайдасы қандай?  
- Балалар, мәтіннің мазмұнына постер құрастырып, қорғайсыңдар.

**Кері байланыс:** Тапсырманы орындай алғандар мадақталады, орындай алмағандарға бағыт-бағдар беріледі.

**Бағалау:** бағалау парағы арқылы, оқушылар өздерің бағалайды.

**Деңгейлік тапсырмалар:**

**III деңгей**

**Сөздерді сәйкестендіру.**

дәрігер	әзірлейді
жақсы	бар
аспаз	тағамдар
пайдасы	түрі
өртүрлі	маман
мамандықтың	емдейді

**II деңгей**

**Сөйлемдерді берілген сөздермен толықтыру.**

Әр мамандықтың өз .... бар. Дәрігер .... емдейді.

.... дәмді тағамдар әзірлейді. Жақсы маман болу үшін ..... қажет.

*Қажетті сөздер:* білім, пайдасы, аспаз, адамды.



	<b>I деңгей</b> <b>«Біздің қаламыздағы мамандықтар» өмірмен байланыстырып, мәтін құрастыру.</b>																																													
Соңы	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th rowspan="2" style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Оқушының аты-жөні</th> <th colspan="2">1-тапсырма</th> <th colspan="2">2-тапсырма</th> <th colspan="2">3-тапсырма</th> <th rowspan="2">барлығы</th> </tr> <tr> <th>дескриптор</th> <th>балл</th> <th>дескриптор</th> <th>балл</th> <th>дескриптор</th> <th>балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td>1.Мәтінді оқып, мазмұнын меңгерді.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td>1.Мәтіндегі ақпаратқа сүйенді.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td>1.Мәтін мазмұнына постер құрастырды.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td>2.Жоспар бойынша мәтінді мазмұнын, толық ойын жеткізді.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td>2.Диалогқа түсті.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td>2.Постерді қорғады.</td> <td style="text-align: center;">1</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Рефлексия: «Аяқталмаған ой»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мен бүгін ..... білдім.</li> <li>- Мен .... тапсырманы орындадым.</li> <li>- Маған ..... қызықты болды.</li> </ul>							Оқушының аты-жөні	1-тапсырма		2-тапсырма		3-тапсырма		барлығы	дескриптор	балл	дескриптор	балл	дескриптор	балл		1.Мәтінді оқып, мазмұнын меңгерді.	1	1.Мәтіндегі ақпаратқа сүйенді.	1	1.Мәтін мазмұнына постер құрастырды.	1			2.Жоспар бойынша мәтінді мазмұнын, толық ойын жеткізді.	1	2.Диалогқа түсті.	1	2.Постерді қорғады.	1										<p><b>«Аяқталмаған ой»</b></p>
Оқушының аты-жөні	1-тапсырма		2-тапсырма		3-тапсырма		барлығы																																							
	дескриптор	балл	дескриптор	балл	дескриптор	балл																																								
	1.Мәтінді оқып, мазмұнын меңгерді.	1	1.Мәтіндегі ақпаратқа сүйенді.	1	1.Мәтін мазмұнына постер құрастырды.	1																																								
	2.Жоспар бойынша мәтінді мазмұнын, толық ойын жеткізді.	1	2.Диалогқа түсті.	1	2.Постерді қорғады.	1																																								
<b>Қосымша ақпарат</b>																																														

## Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (жалпы бастауыш білім). – Алматы: РОНД, 2002. – 136 б.
- 2 Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар. – Алматы, 2012.
- 3 Балтабаева Ж.Қ., Солтанғазина М.Қ., Лекерова Ф.С. Қазақ тілі оқулығы 2-сынып. – Алматыкітап баспасы, 2013.
- 4 Балтабаева Ж.Қ. Дидактикалық материалдар – Алматы, 2012.
- 5 Муфтибекова З. «Қызықты грамматика» 2-сынып, – Алматы, 2014.
- 6 Солтанғазина М.Қ., Лекерова Ф.С. Жұмыс дәптері. – Алматы, 2013.
- 7 Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. – Алматы, 1984.
- 8 Сужикова А.Ү. , Лекерова Ф. С. ,Солтангазина М.К. Менің алғашқы энциклопедиям. – Алматыкітап, 2012.
- 9 Бапиева Э.Б., Мұқашева П.Е. Қазақ тілі. Оқушы анықтамалығы. – Алматы, 2012.
- 10 Хасанова И.У. Бастауыш мектепте зат есімді когнитивті оқыту мәселелері. – Орал, 2012.
- 11 Жазыбаев М., Нағашыбаева Ә. Бастауыш кластар үшін грамматикалық ойындар. – Алматы: Мектеп, 1981. – 48 б.
- 12 Молдабеков Қ., Ермекбаев М және т.б. Бастауыш мектеп қазақ тілі сабағында дамытушы ойындарды қолдану әдістемесі. – Алматы, 2003. – 146 б.
- 13 Кенжеахметов С. Жеті қазына. – Алматы, 2000. – 132 б.
- 14 Наркұлова Б. Рөлдік ойындар арқылы сөздік қорын, тілін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2006. - № 1. - 26-28 бб.
- 15 Балдырған журналы, 2020 жыл.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	4
1. Менің ана тілім – қазақ тілі.....	5
2. Дыбыстар әлемі.....	6
3. Сөз ғажабы.....	13
4. Тізбекті ел .....	16
5. Сызбалар аймағы.....	28
6. Сөз маржаны.....	30
7. Көңілді аударма.....	32
8. Танымдық (когнитивті) тапсырмалар .....	33
9. Интеллектуалдық тапсырмалар .....	38
10. Қысқа мерзімді жоспар .....	42
Пайдаланылған әдебиеттер .....	54

Көлемі 3,7 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № .

---

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің  
редакциялық баспа орталығы.  
090000, Орал қаласы, Н.Назарбаев д., 162.